

**Жоғары оқу орындар қауымдастық
басқармасының
2009 жылғы 1 тамыз, № 6 қаулысымен
«Бекітілген»**

**Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана туралы
Ереже**

1. Жалпы ережелер

1.1 Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана (РЖООЭК) республикалық жоғары оқу орындардың электрондық білім беру ресурстарын біртұтас ақпараттық жүйеге біріктіру үшін:

- Профессор-оқытушылар құрамын, студент, магистрант, докторант және білім беру іс-әрекетіндегі басқа қатысушылардың талаптарын қазіргі заманның ақпарат-білім беру ресурстарымен толық қанағаттандыру;
- Жоғары оқу орындарыаралық оқу әдебиеттерімен, оқу-әдістемелік тәртіп кешендерімен, ғылыми мақалаларымен, ҒЗТКЖ (ғылыми-зерттеу тәжірибелік конструкторлық жұмыстар) есептерімен алмасу;
- Қолданушыларға сапалы жаңа қызмет атқаратын машина оқитын үлкен көлем деректер мүмкіндіктерін ұсыну;
- Толықмәтінді деректер базасын телеқолжетімділік режимінде пайдалану мақсатымен құрылады.
- Қазақстандық және халықаралық компьютер жүйесін интеграциялау.

1.2. 2009 жылы 03 маусымында Білім және ғылым министрі Ж.К. Түймебаевтың № 260 Бұйрығымен жоғары оқу орындары ректорлары қол қойған Меморандум РЖООЭК құрудың негізі болып табылады.

1.3. РЖООЭК заңды тұлға болып саналады, «Қазақстан Республикасының Жоғары оқу Орындарының Қауымдастығы» заңды тұлға бірлестігі Мекеменің Құрылтайшысы болып табылады. РЖООЭК – ЖОО, колледж, лицей, орта мектептердің барлық кітапханаларына ашық.

1.4.РЖООЭК Мекеменің басқару және бақылау органдары: Жоғарғы орган – Құрылтайшы, атқарушы орган – директор, оған жүктелген функциялардың орындалуы үшін дербес жауапкершілікте болады және Құрылтайшыға есеп береді.

1.5 РЖООЭК электрондық ресурстар қорын кітап және журнал қоры, ҚР ЖОО Қауымдастықпен ЖОО электрондық оқу басылымдары құрайды.

2. Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхананың қатысушылары

2.1. РЖООЭК қатысушылары ретінде ҚР БжҒМ, ҚР ЖОО Қауымдастығы, ҚР ЖОО, РЖООЭК мекемесі және Қазақстанның «КазРЕНА» Қауымдастығының ғылым-білім беру компьютерлік жүйесін пайдаланушылары болып табылады.

2.2. «РЖООЭК» негізгі жұмыс бағытын Құрылтайшы анықтап береді.

2.3. «РЖООЭК» қатысушылары:

2.3.1. **ҚР БжҒМ** өз бұйрығымен РЖООЭК ЖОО бірігу әлеуетінің нормативтік-құқықтық қолдауын құрады.

2.3.2. ҚР ЖОО:

- ҚР ЖОО Қауымдастығы және ҚР «КазРЕНА» Қауымдастық ұсынған бірыңғай технология бойынша өздерінің жеке меншік білім беру ресурстар базасында электрондық кітапхана құрады;
- Өздерінің электрондық кітапханаларын толықмәтінді оқулықтар, оқу әдебиеттер, монография, ғылыми мақалалар, оқу-әдістемелік тәртіп кешендерімен, т.б. үздіксіз қамтамасыз етеді;
- ЖОО ақпараттық-білім беру ресурстарын РЖООЭК бірлестіру үшін қажетті жағдай жасайды.

2.3.3. ҚР ЖОО Қауымдастығы:

- «РЖООЭК» мекемесінің жұмыс барысын қадағалайды;
- «РЖООЭК» мекемесінің жарғысы мен оған енген өзгерістерді мақұлдайды.

2.3.4. «РЖООЭК» мекемесі:

- ЖОО РЖООЭК құру бойынша ұстанымдар мен тетіктерінің арақатынасын өзірлейді;
- РЖООЭК ЖОО-қатысушыларына электрондық кітапхана құру бойынша әдістемелік көмек көрсетіп және оның үздіксіз толықтырылып отыруын қадағалайды;
- Ақпараттық-іздеу жүйесі мен ортақ электронды каталогты құрады;
- ҚР ЖОО қауымдастығынан шыққан кітаптармен электронды кітапхананы үздіксіз толықтырып тұрады;
- Мультимедиялық электрондық кітаптарды жасап, шығарады;
- Ашық университет құру жөнінде дайындық жұмыстарын жүргізу;
- КазРЕНА Қауымдастығымен бірігіп жалпыға мәлім танымал шетелдік университеттер мен және баспа үйлерінің кітапханалық қорларына қолжетімділік алуға РЖООЭК қатысушыларына қолғабыс көрсетеді

2.3.5. Қазақстандық «КазРЕНА» Қауымдастықтың ғылыми-білім беру компьютерлік жүйесін пайдаланушылары:

- ҚР ЖОО Қауымдастық және ЖОО электронды кітапханаларының ресурстарын Ғаламтор технологиялары арқылы біртұтас виртуалдық корпоративтік жүйеге біріктіреді;
- РЖООЭК абоненттеріне үздіксіз қолжетерлікті қамтамасыз етеді..

3. РЖООЭК жұмысын ұйымдастыру

3.1. Жоғары оқу орындары:

3.1.1. ЖОО электрондық кітапханасы әзірлеген сайттарды құрады немесе пайдаланады, оның материалдық-техникалық базасын және бағдарламалық-аппараттық құралдарын: сервер, сканер (кітаптық), компьютерлер, Ғаламторға қосылу және бағдарламалық қамтамасыз ету.

3.1.2. Бағдарламашылар мен жоба әзірлеушілеріне, жүйетехниктерге ресурстар бөледі, оның ішіне қаржылық ресурстар бөледі.

3.1.3 Бірыңғай талаптар бойынша электрондық каталог әзірлейді. Электрондық каталогқа кітаптар мен ғылыми мақалалар туралы ақпарат, сонымен қатар электрондық кітапханаға енген басқа да ЖОО оқу материалдары кіреді. Электрондық каталогты кітапханалық форматта келтіру ұсынылады. Негізгі параметрлері – тақырыбы, авторлар, кітаптың қысқаша аңдатпасы, ЖОО атауы.

3.1.4. ҚР ЖОО Қауымдастығының ЖОО электрондық каталогы негізінде Республикалық электрондық каталогты қалыптастырады.

3.1.5. ЖОО-қатысушы өзінің жаңартылған электрондық каталогын дербес айына бір рет барлық ЖОО үшін бекітілген тұрпатта РЖООЭК басты серверіне жібереді.

3.1.6. РЖООЭК ЖОО-қатысушылары толықмәтінді электрондық кітапхана құрады. Электрондық кітапханаға оқу үрдісіне қажет ЖОО кітап және журнал қордан оқулықтар, оқу құралдар, ғылыми және әдістемелік материалдар және жарыққа шыққан қазақстандық авторлардың мақалалары кіреді. ЖОО электрондық кітапхана кітаптарды, ғылыми журналдарды сканерлеу және электрондық кітаптар енгізу жолдарымен үздіксіз толтырылады. Электрондық кітапхана қоры ЖОО жеке меншігі болады.

3.2. Электрондық ресурстарды іріктеудің жалпы критерийлері болып:

- Электрондық ресурстың шынайылығы;
- Оқулық үрдіс пен ғылыми зерттеулер үшін ақпараттың пайдалылығы және маңыздылығы;
- бөлік пен элемент құрамының толықтығы;
- қағаз ұқсастығымен сәйкестілігі;

- электрондық ресурс мәтінде қателер мен дәлсіздіктің болмауы;
- қосымша бағдарламалық қамтамасыздандырусыз ақпаратты жаңғырту мүмкіндігі;
- қажетке қарай автормен келісім шартқа келу.

3.3. РЖООЭК электрондық кітапханаға материалдар PDF, DJVU, HTML және т.б. форматта енгізіледі. РЖООЭК енгізілетін электрондық құжаттарды библиографиялық сипаттау шеңберінде қолданыстағы халықаралық және республикалық нормативтерге сәйкес жүзеге асырылады: *ISBD (ER)*; *библиографиялық жазуларға формат MARC21*; *Dublin Core*.

3.4. ЖОО жүйелік әкімшілігі немесе Web-бағдарламашылары өздерінің ұсынып отырған электрондық кітапханаларының ресурстарына келісілген IP-мекенжай немесе РЖООЭК домендік атынан қолжетімдікке жол ашып және жүйеге реттеу жүргізу керек.

4. РЖООЭК жұмыс тетігі:

Мысалы: Астана қаласындағы абонент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ электрондық кітапханасында бар кітапты РЖООЭК кіріп республикалық электрондық кітапханада керекті кітабын табады. Одан кейін, IP-мекенжайға кіруге қол жеткізіп, ОҚМУ веб-сайтына кіріп, кітапты пайдаланады.

5. РЖООЭК қатысушыларын өзара қарым-қатынасының негізгі ұстанымдары және тетіктері

1. РЖООЭК республикалық ЖОО электрондық кітапханаларын біріктіреді. РЖООЭК-те ЖОО-қатысушылардың құқықтары тең және оларға қызмет бірдей көрсетіледі.
2. РЖООЭК құрамына кірген ЖОО-қатысушылар жылдық жарна салады. РЖООЭК жұмыспен үздіксіз қамтамасыз ету үшін, жарнаның көлемі студенттер мен профессор-оқушылар құрамына қарай ҚР ЖОО Қауымдастық Басқармасы шешімімен бекітіледі. Жарналар әр тоқсан сайын бірінші айының 5 күніне дейін салынады.
3. РЖООЭК қызмет көрсету туралы қатысушылардың өзара қарым қатынас негіздері екі жақты келісім-шарт арқылы бекітіледі:
 - ЖОО мен ҚР ЖОО Қауымдастық арасында РЖООЭК құрамына кіру және қызмет көрсету;
 - ҚР ЖОО Қауымдастық және КазРЕНА Қауымдастық арасында РЖООЭК Галамтор технологиялар арқылы қызмет көрсетеді.